

Ізденуші Дәлелбекқызы Ақмаралдың 8D023 - Тілдер мен әдебиет (6D020500/8D02301 – Филология (6D0205) мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Қазіргі қазақ тарихи прозасындағы дәстүрлі ментальдікті бейнелеудің жаңа парадигмалары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ПІКІРІ

<i>Р/Н №</i>	<i>Критерийлер</i>	<i>Критерийлер сәйкестігі</i>	<i>Ресми рецензенттің ұстанымы</i>
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Ізденуші Дәлелбекқызы Ақмаралдың «Қазіргі қазақ тарихи прозасындағы дәстүрлі ментальдікті бейнелеудің жаңа парадигмалары» тақырыбында Филология (6D0205) мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған диссертациялық жұмысы ғылымның жаңа даму бағыттарына сәйкес келеді.</p> <p>Қорғауға ұсынылып отырған зерттеу жұмысы төмендегідей мемлекеттік бағдарламалар мен стратегия талаптарына сәйкес келеді:</p> <p>1. Қазақстан Республикасы Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы). 2. ҚР Президентінің «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» (2019 ж.) және «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» (2020 ж.) атты Қазақстан халқына Жолдаулары, 3. ҚР Президентінің 2021 жылғы 5 қаңтардағы «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты бағдарламалық мақаласы. 4. Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен 2021-2023 жылдардағы ғылымды дамытудың «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер», «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» атты басым бағыттары.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс тақырыбының өзектілігі жоғары, сол себепті отандық ғылымға өзіндік үлес қосатыны анық. Зерттеу нысанын оңтайлы жүйелеу және тақырыптың маңыздылығын

айқындау нәтиесіне қарағанда диссертациялық зерттеудің тақырыбы толықтай ашылған.

Диссиденттант бүгінгі таңда ғалымдар тарапынан айрықша назар аударылып отырған ұлттық құндылықтар жүйесі, ұлттық менталитет, ұлттық таным мәселелеріне қатысты қазіргі қазақ прозасындағы бірқатар шоқтықты шығармаларға жан-жақты теориялық талдау жасау арқылы біртұтас кешенді зерттеу жұмысын ұсынған.

Қазіргі таңда барша адамзат баласын алаңдатып отырған жаһандану жағдайында әр халықтың өзіндік болмысын сақтап қалу жолындағы талпыныстардың алдыңғы қатарындағы бұл мәселелер қазақтың қазіргі таңдағы көркем прозасында, тарихи романдарында өткен дәуірлердегі адамзат болмысы мен тарихи тұлғалар психологиясы, ұлттық танымының қаншалықты көрініп отырғанына ізденуші нақты әдеби материал негізінде теориялық талдау жасаған. Сол арқылы біздің заманымыздағы тарихи прозаның адам және оның өмірі, тағдыр, тұлға, адами құндылық, жаратылыс, адамға тән мағаббат тәрізді мәңгілік тақырыпқа айналған жайттардың көркем палитрасын алдымызға тартқан. Атап айтқанда, М.Мағауиннің Шыңғыс ханы, Ж.Ахмадидің Есенгелді биі, Е.Тұрысовтың Ақсақ Темірі секілді тарихи тұлғалардың көркем образдары арқылы аталмыш романдардағы уақыт пен кеңістік, ондағы түрлі қозғалыстар мен өзгерістер барысы, ел мен жерге деген мағаббат, әйгілі «Ақтабан шұбырынды» қасіреті, бір сөзben айтқанда, Ұлы Даланың бүкіл болмысын диссиденттант жақсы ашып көрсете білген.

Зерттеу барысында аталған авторлардың романдарынан тыс қазақ әдебиетіндегі I.Есенберлин, Ә.Кекілбаев, Қ.Жұмаділовтер шығармашылығындағы тарихи таным, тұлғалар образы, ел тағдыры, туган жер шежіресі мәселелерімен салыстырмалы талдаулар жасап отырады.

Диссертациялық зерттеу жұмысында А.Байтұрсынұлы, М.Әуезов, Б.Майтанов, З.Сейтжанұлы, Т.Кәкішев, С.Қасқабасов, З.Бисенғали, Қ.Алпысбаев, А.Темірболат, т.б.көрнекті ғалымдардың теориялық тұжырымдары негізге алынған.

3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған 	<p>Диссиденттың жазу машиғының жақсы қалыптасқаны байқалады. Ғылым-зерттеу жұмысына бейімділігі, жинақталған әдеби материалды тиянақты қорытып, ғылыми тұжырым жасаудағы өзіндік қолтаңбасы айқын байқалады. Тұстайл алғанда, тақырыпты игерудегі ізденушінің жазу деңгейін жоғары бағалауға болады. Зерттеуші ретінде ғылыми мәдениеті жоғары, өзіне дейінгі зерттеуші ғалымдарының пікірлері төңірегінде ой қорыта отырып өзіндік қорытынды жасай біледі. Соның нәтижесінде докторант отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми зерттеулері мен қазақ романдарындағы көркем мәтін негізінде тың тұжырымдар жасаған.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. 	<p>Диссертациялық жұмыс тақырыбының өзектілігі айқын. Себебі, әрбір ұлттың өзіне тән өмір сұру қағидалары, мінез-құлық жүйесі, бір сөзben айтқанда, өзіндік ментелитеті, ділі болатыны дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат. Ал менталитет, ұлттық код, ұлттық таным мәселелері қай заманда да аса өзекті дүние саналмақ. Диссидент өткен тарихымыздағы Шыңғыс хан, Есенгелді би, әйгілі Ақсақ Темір жайында жазылған қазіргі қазақ прозасындағы үздік романдарға теориялық талдау жасай отырып, көркем әдебиеттің осы құндылықтарымызды бейнелеудегі, келешек ұрпақтарға жеткізуға бәрінен жоғары тұратын биік мәртебесін айқындаған.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындауды; 2) жартылай айқындауды; 3) айқындаамайды 	<p>Ізденуші А.Дәлелбекқызының қорғауға ұсынып отырған диссертациялық жұмысының мазмұны «Қазіргі қазақ тарихи прозасындағы дәстүрлі ментальдікті бейнелеудің жаңа парадигмалары» тақырыбын жан-жақты айқындаудын сапалы ғылыми зерттеу жұмысы болып шыққан. Тақырыптың табиғатын толығынан ашатын әдеби материал негізінде тиянақты ғылыми зерттеу жүргізу арқылы ұлттық код, ұлттық таным, ментальдік құбылыстарының көрнекті қаламгерлер тарапынан бейнелену дәрежесін зерттеу барысында диссиденттің ұсынған ғылыми тұжырымдар нақты көркем мәтін арқылы дәйектелген. Алынған нәтижелер зерттеу тақырыбына сай.</p>

	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді 	<p>Зерттеу барысында ізденушінің алдына қойған мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толығымен сәйкес келеді. Және диссертант А.Дәлелбекқызы зерттеу жұмысын жазу барысында осы мақсатқа қол жеткізген, межелеген міндеттерін толығымен орындашықкан. Атап айтқанда, құндылықтар жүйесі мен менталитет, мәдени құбылыс табиғатын айқындау, көркем шығармадағы автор, кейіпкер, тұлға, көркемдік әдіс мәселелерін дәйектеу тұрғысындағы міндеттерді жүзеге асыра отырып, диссертант қазіргі ұлттық прозадағы ментальдік парадигмаларын ашып көрсете белгенді.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ 	<p>Логикалық тұгастық тұрғысынан алғанда А.Дәлелбекқызының диссертациялық жұмысының барлық бөлімдері мен жалпы құрылымында логикалық байланыс сақталған. Диссертация құрылымы Кіріспеден, З бөлімнен, әр бөлім тараушалардан және қысқаша тұжырымнан, Қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.</p> <p>Диссертацияда ішкі бірлік принципі сақталған. Ізденуші зерттеу жұмысының аясында қазіргі кезеңдегі қазақ прозасының ұздік туындылары қатарында саналатын М.Магауиннің «Шыңғыс хан және оның заманы» атты төрт томдық тарихи хикаясина, Ж.Ахмадидің «Есенгелді би» және Е.Тұрысовтың «Темірлан» романдарына кеңінен әрі жүйелі түрде талдау жасайды. Ең алдымен диссертацияның құрылымы мен мазмұндық жүйесінің сәттілігін атап айту керек.</p> <p>Алғашқы тарауда зерттеу жұмысының негізгі теориялық ұстыны ретінде алынған ұлттық құндылықтар жүйесі, ұлттық таным мен рух, ментальдік мәселелері туралы бағыт-бағдарын айқындашып алған диссертант келесі тарауда осы мәселелердің тарихи прозада атқаратын көркемдік қызметіне, автор-кейіпкер-тұлға проблемаларына, М.Магаун, Ж.Ахмади, Е.Тұрысов сынды көрнекті қаламгерлердің ұлттық салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды суреттеу, уақыт пен кеңістікті бейнелеу, кейіпкер сомдау, образ жасау шеберліктеріне талдау жасаса, үшінші тарауда прозадағы көркемдік әдіс, жанрлық-стильдік ерекшеліктер мәселелері</p>

		<p>төңірегінде әр қаламгердің шығармашылық даралығын ашып көрсетеді. Диссертацияның ішкі бірлігі дегенде жұмыстың осындай бірізділігі мен біртұтас жүйелілігін атап айтуда болады.</p>	
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ul style="list-style-type: none"> 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген 	<p>Диссертация авторы ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) толық дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып, соның негізінде сынни талдаулар жасалған. Зерттеудің негізгі әдеби материалы ретінде алғынған тарихи тұлғалар туралы романдарды қарастыру барысында ізденуші түрлі сипаттағы талдаулардың көмегіне жүгінеді. Атап айтартылығы, аталған романдар туралы сынни талдаулар диссертацияның барлық бөлімдерінде жүйелі түрде орын алып отырады. Бір бөлімде жазушылар қаламына ілінген ұлттық рух, таным, ментальдік құбыльстарымен астасырылса, екінші бөлімде көркем мәтін, автор, тұлға, уақыт пен кеңістікке қатысты, ал үшінші бөлімде көркемдік ұстаным, көркемдік әдіс тұрғысынан қарастырылады. Солай бола тұра қолтаңбасы әралуан үш қаламгердің туындыларында қозғалатын ұлттық менталитетке қатысты ұғымдардың жүйесі, салт-дәстүр, ұлттық мінез, туган жер, атамекен, табиғат, азаттық, бірлік мәселелері диссидентант тарапынан салыстырыла отырып, олардың сабактастыры жағынан сынни талдау нысанына айналады. Ізденуші бұған дейін жазылған еңбектердегі пікірлерге сүйене отырып, өзіндік тұжырымдар ұсынуында сынни талдауы анық көрінеді.</p>	
5.	<p>Ғылыми жаңашылдық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ul style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 	<p>Диссидентант А.Дәлелбекқызының диссертациялық жұмысында алғынған ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа. Зерттеу тақырыбының аса өзектілігіне байланысты және ұлттық құндылықтар жүйесі мен оның бүтінгі қазақ тарихи прозасындағы жаңа парадигмалары сабактастырыла қарастырылған жұмыс болғандықтан жұмыстың ғылыми нәтижелері мен ұсынатын қағидаттарының жаңалық дәрежесі жоғары екендігі анық көрінеді. Жұмыста жазушылардың ұлттық салт-санада қалыптасқан құндылықтарды бейнелеудегі қолданған әдіс-тәсілдері әдеби-теориялық тұрғыдан саралана келіп, сол арқылы әр қаламгердің бұл орайдағы идеялық-философиялық концепциясы айқындалады.</p>

	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа.</p> <p>Біріншіден, қазақ халқының ұлттық болмысын айқындайтын ментальдік мәселесі, этномәдени құндылықтардың көркемдік қызметі тарихи прозадағы көрнекті қаламгерлер туындыларының мысалында зерттеу объектісіне айналып отыр.</p> <p>Екіншіден, зерттеу нәтижесінде қазіргі қазақ тарихи прозасының үздік туындыларындағы образдар мен сюжеттерді әдеби-теориялық талдау арқылы ұлттық-этнографиялық құндылықтардың танымдық және поэтикалық маңызы ашылады.</p> <p>Үшіншіден, ұлттық менталитет, ұлттық болмыс, ұлттық таным құбылыстарының қазақ халқының ұлттық кодын танытушы құрал ретіндегі ерекшелігі көрнекті қаламгерлер М.Мағауиннің, Ж.Ахмадидің, Е.Тұрысовтың тарихи романдарының мысалында жүйеленіп, зерттеледі.</p> <p>Төртіншіден, қазақ тарихи прозасындағы стильдік-тілдік ерекшеліктер, көркемдік ұстаным мен мәтін ықпалдастыры, көркем мәтіндегі уақыт пен кеңістік, автор, кейіпкер, тұлға мәселелері арнағы жүйеленіп, талданған.</p>	
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және тиянақты негізделген.</p>	
6.	<p>Негізгі қорытындылардың негізділігі</p>	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Ғылыми жұмыста диссидентант жасаған барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелерге негізделген. Оған диссидентанттың зерттеу нәтижесінде алған тұжырымдамалары дәлел:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Диссертацияда ұлттық менталитеттің жаңа парадигмалары жүйеленіп, негізгі тұжырымдар анықталды; - Қазақ прозасында ұлттық рухани құндылықтар жүйесі туралы мәселелер терең зерделену көрінісі айқындалды; - Қазақ тарихи прозасы ұлттымыздың кешегісі мен бүгінін терең бейнелейтін әдебиеттің кемелденіп дамыған жанрына айналуы

			<p>жөнінде тұжырым жасалды;</p> <ul style="list-style-type: none"> - Ұлттық әдебиеттегі тарихи тақырып дамудың хронологиялық, әлеуметтік-тарихи сипатын ашатын жаңа әдіс-тәсілдерді игерді; - Жазушының шығармашылық кеңістіктегі ролі, оқиганы суреттеу мен ұлттық болмысты ашудағы белсенділігі күшейді;; - Ұлттық менталитет ерекшеліктері қазақ әдебиетіндегі көркемдік сипаттармен, қоғамдағы гуманизм проблемаларымен үндесін тауып келеді; - Қаламгер шығармаларындағы дискурсивті элементтер көркем туындының мазмұндық-стильдік мәнін терендете түседі.
7.	Корғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тар; 2) орташа; 3) кең <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ 	<p>7.1 Диссертациялық жұмыста қағидаттар дәлелденген.</p> <p>7.2 Жұмыста келтірілген дәлелдер тривиалды емес.</p> <p>7.3 Зерттеу жұмысында көрсетілген қағидаттар жаңа.</p> <p>7.4 Диссертацияда қағидаттарды қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.5 Зерттеу жұмысы барысында 20 мақала жарияланып, жұмыс толық аprobациядан өткен. 2 мақала Scopus базасындағы журналда, 9 мақала КР ЕЖБМ ұсынған журналдарда, 5 мақала КР ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында, 4 мақала шетелдік халықаралық конференция жинағында жарияланған.</p> <p>Барлық мақалалар диссертация тақырыбына сәйкес келеді.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ 	<p>Диссертацияның кіріспе бөлімінде тақырыптың өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, жаңалығы және ең бастысы зерттеу әдіснамасы толық сипатталған. Ғылыми жұмыстың нысаны болып отырған ұлттық діл мен тарихи проза туындыларын сабактастыра отырып зерттеудің оңтайлы әрі нақты әдістері таңдалап алынған. Соның нәтижесінде жұмыстың өне бойында дәйектілік принципі толық сақталған. Диссиденттантануындағы осындағы түң</p>

			ізденістері арқылы өзіндік теориялық тұжырымдар ұсына білген.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеудердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жок	Қазіргі таңда компьютерлік жүйенін, цифрлық технологияның жетістігі мен қолданыс аясының кеңею үдерісі ғылымның барлық саласына мейлінше мол еніп отырғаны анық. Әдебиеттану ғылымы, филологиялық зерттеулер саласы да одан құралақан емес. Ізденуші А.Дәлелбекқызының ғылыми зерттеу барысында көркем шығармаға теориялық талдаулар жасау, деректерді жүйелеу мен өндеу, интерпретациялау барысында ой қорытқан тұжырымдары мен зерттеу нәтижелері қазіргі заманғы осындағы технологиялар мен заманауи әдістер мен әдістемелерді пайдалана отырып алынған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жок	Диссертациядағы ізденуші тарапынан жасалған теориялық қорытындылар, тақырып аясында қамтылған ұлттық құндылықтар мен этномәдени ұғым-түсініктер арасындағы түрлі байланыстар мен заңдылықтар, менталитет мәселесінің әдеби шығармада атқаратын көркемдік қызметіне қатысты жайттар тікелей көркем тарихи проза туындыларынан алғынған нақты мысалдар арқылы дәлелденіп, расталып отырған. Менталитетке байланысты әр қаламгердің өзіндік қолтаңбасының айқындығы, суреткерлік шеберлігінің әралуандығы толық дәйектеліп отырған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Диссертацияда ізденуші өзінің әрбір теориялық қорытындылары мен тұжырымдарын, маңызды мәмілелерін өзінің алдындағы көрнекті ғалымдар мен зерттеушілердің еңбектерінен алғынған сілтеме, дәйектемелер арқылы тиянақтап отырған. Әр сілтеменің мазмұны мен практикалық маңызы айқын. Атап айтқанда, диссиденттің теориялық тұжырымдары мен қорытындылары А.Байтұрсынұлы, Ф.Мұсірепов, Л.Гумилев, С.Қирабаев, Р.Бердібай, Т.Кәкішев, З.Қабдолов, Б.Майтанов, Х.Әбжанов, Г.Орда, Т.Сыдықов, Ж.Дәдебаев, З.Бисенғали, А.Таңжарықова, Б.Әбдіғазиұлы, Д.Қамзабекұлы, Қ.Алпысбаев, А.Ісімақова, Г.Пірәлиева, Ж.Жарылғапов, Г.Балтабаева, т.б. сияқты зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне жасалған сілтемелермен расталған.

		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Диссиденттың зерттеу жұмысы барысында мол ғылыми және әдеби материал жинақтағаны, отандық және шет елдік көрнекті ғалымдардың әр жылдары жарық көрген кітаптары мен жекелеген еңбектерін мұқият қарап, диссертация тақырыбы бойынша мол теориялық дайындықтан өткені диссертацияның соңында берілген «Пайдаланылған әдебиеттер» бөлімінде жақсы көрініс тапқан. Тізімде 169 кітап пен өзге де дереккөздер қамтылған. Бұл диссиденттың зерттеу жұмысы барысында әдеби шолу жасаудың және ғылыми тұжырымдар түзуіне толық жеткілікті мөлшерде болды деп есептеймін.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жок	Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы бар. Ғылыми жұмыс барысында алынған нәтижелер қазақ халқының ұлттық ерекшелігін айқындайтын этномәдени құндылықтардың ұлт санасына ықпалын, көркем ойлау жүйесіндегі алар орнын, бір сөзben айтқанда, ұлттық діл мәселелерінің көркем тарихи прозадағы теориялық негіздерін айқындағанда береді. Алынған теориялық тұжырымдар қазіргі әдебиеттану ғылымына өз үлесін қосады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жок	Диссертацияның практикалық маңызы айқын және тақырыпты зерттеу барысында алынған нәтижелерді қүнделікті практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу нәтижелерін жоғары оку орындарында «Әдебиеттануға кіріспе», «Әдебиет теориясы», «Қазақ әдебиетінің тарихы» пәндері курсаралықтарда қосымша материалдар ретінде, сонымен қатар қазіргі қазақ прозасында ұлттық құндылықтар, ел мен жер тарихы, ұлттық дүниетаным, этнографиялық ерекшеліктер мәселесін зерттеуші жас ғалымдарға ғылыми деректер көзі ретінде пайдалауға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыстың әр бөлімі мен қорытындыларында кездесетін практикалық ұсыныстары толығымен жаңа. Тұтастай алғанда, Ақмарал Дағынбекқызының «Қазіргі қазақ тарихи прозасындағы дәстүрлі ментальдікті бейнелеудің жаңа парадигмалары» тақырыбындағы докторлық диссертациясы - осы


			денгейдегі жұмыстарға қойылатын барлық талаптарға жауап беретін, ғылыми және практикалық мәні жоғары аяқталған еңбек болып шыққан.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Ізденуші Ақмарал Дәлелбекқызының «Қазіргі қазақ тарихи прозасындағы дәстүрлі ментальдікті бейнелеудің жаңа парадигмалары» тақырыбында Филология (6D0205) мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған ғылыми-зерттеу жұмысы академиялық жазу мен ресімдеудің барлық талаптарына сәйкес келеді. Диссертацияның жазылуы мен ресімделуінде КР Ғылым және жоғары білім министрлігінің талаптары толық сақталған.

Шешім:

Ізденуші Дәлелбекқызы Ақмаралдың «Қазіргі қазақ тарихи прозасындағы дәстүрлі ментальдікті бейнелеудің жаңа парадигмалары» тақырыбындағы диссертациялық еңбегін талапқа сай толық аяқталған сапалы зерттеу жұмысы ретінде бағалай отырып, диссиденттің осы еңбегі үшін 6D0205 - Филология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады деп есептеймін.

Ресми рецензент:

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Академик С.Қирабаев атындағы Қазақ әдебиеті және оқыту
әдістемесі кафедрасының профессоры,
филология ғылымдарының докторы**



06 мамыр 2024 ж.